

**Ақтау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 30 наурыздағы № 548 "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 9 наурыздағы № 467 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 30 наурызда № 3305 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес және Маңғыстау облысының әділет департаментінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 10-11-762 ұсынысының негізінде Ақтау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 30 наурыздағы № 548 "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы " қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3040 болып тіркелген, 2016 жылдың 16 мамырында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Ақтау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (Е.Қ. Туретаев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*С. Трұмов*